



«BEREKE BANK» АҚ

**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ** **2022**





МАЗМҰНЫ

- 00** КІРІСПЕ
- 01** «BEREKE BANK» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
- 02** «BEREKE BANK» АҚ-ҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ
- 03** НАРЫҚ ТАЛДАУЫ
- 04** ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ
- 05** ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ
- 06** ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
- 07** КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
- 08** ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕП
- 09** АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
- 10** ҚОСЫМША АҚПАРАТ



КІРІСПЕ

«Bereke Bank» АҚ-ның осы 2022 жыл бойынша есебінде (бұдан әрі - Есеп) Банктің 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі есептік кезеңдегі қызметінің нәтижелері туралы ақпарат берілген.

Осы Есептегі қаржылық деректер, егер мәтін бойынша өзгесі тікелей көрсетілмесе, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған «Bereke Bank» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес ұсынылды.

ЕСЕПТІ ӘЗІРЛЕУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІЛЕР ЕСКЕРІЛДІ:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы №14 шешімімен бекітілген "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидалары;
- «Bereke Bank» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысымен бекітілген 2022 жылғы "27" желтоқсандағы тіркеу №843 «Bereke Bank» АҚ Корпоративтік басқару кодексі.

ЕСЕПТІ БЕКІТУ

Есеп Банктің Директорлар кеңесімен және Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілді және корпоративтік интернет-сайтта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жариялау арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі



«BEREKE BANK» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

Өткен жыл еліміздің бүкіл қаржы секторы үшін күрделі жыл болды, қиындықтарға қарамастан Банк сын-қатерлерге дайын болды, ал кешенді жұмысының арқасында өз орнын сақтап қана қоймай, тұрақты жұмысын жалғастыра алды.

Өткен жылы елеулі өзгерістер орын алып, ары қарай стратегиялық дамудың негізін қалады. Осылайша, 2022 жылғы қыркүйекте «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Банктің негізгі акционері атанды. 14 қыркүйек күні «Bereke Bank» Акционерлік қоғамын ресми тіркеу жүзеге асырылды, 20 қыркүйек күні Банктің банктік және басқа операцияларды жүргізуге лицензиясы қайта рәсімделді. Атауы өзгертілгеннен кейін филиалдық желінің ребрендингі жүргізілді.

«Bereke Bank» АҚ –Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосып келе жатқан ірі қаржы институты. Жұмысының негізгі бағыттарының бірі шағын, орта және бөлшек бизнесті дамыту қолдау және дамыту болып табылады. Банктің еліміздің 18 өңірінде 111 бөлімшеден тұратын ауқымды филиалдық желісі бар. Банк барлық негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша көшбасшы орындарды иеленіп,

мемлекеттік қаржыландыру бағдарламаларын іске асыруда. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның негізгі серіктестерінің бірі, соның ішінде «Даму» ҚДҚ» мемлекеттік бағдарламаларының серіктесі болды. Нарықтық жағдайға қарамастан корпоративтік және бөлшек клиенттердің елеулі бөлігінің қалуы және Банктің қаржылық бағдарламаларын пайдалануды жалғастыруы клиенттердің сенімі мен Банктің сенімділігінің растамасы болып табылады.

Банк нарық талаптарына сай жаңа өнімдер желісін бекітті және 150-ден астам автодилерлік орталықтармен серіктестік қарым-қатынастар қалпына келтірілді. Банк клиенттері мен серіктестері алдындағы барлық міндеттемелерін әрқашан орындап келді, ал банк клиенттері шоттары бойынша айналымдарды белсенді түрде арттыруда. Барлық нормативтерді сақтау үшін Пруденциалдық нормативтерді қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Bereke Bank» АҚ-дан санкциялардың алынуы үшін күш салды, нәтижесінде 2023 жылғы 8 наурыз күні АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC)

Банкті SDN List санкциялар тізімінен шығарды. Банк қызметін жедел қалпына келтіру және халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты қайта бастау және жүйелі корреспонденттік және төлем бойынша қарым-қатынастарын ретке келтіру бойынша өз алдына жаңа мақсаттар қоюда.

«Bereke Bank» АҚ тұрақты даму үшін қажет әлеуетке ие деп нық сеніммен айта аламын. Оның заманауи техникалық инфрақұрылымы, озық бағдарламалық шешімдері және еліміздің азаматтары мен компаниялары үшін қызмет ететін 4 мыңға жуық білікті қызметкері бар.

Бұл өзін нарықта мойындатып және қойылған бизнес-мақсаттарға жете отырып, өнімдер мен сервистерді ары қарай жетілдіруге мүмкіндік береді.

Құрметпен, Қанат Шарлапаев
«BerekeBank» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы



«BEREKE BANK» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

2022 жылы Банк тарихы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алғанға дейінгі және кейінгі болып екіге бөлінді. Жыл басында Банк бұрын соңды болмаған сыртқы қысымға және санкцияларға тап болды. Бұл біздің командамыз бен Банктің операциялық тұрақтылығын тексеретін сынақ болды. Оқиғалар қарқынды дамып, жаңа шектеулер мен сын-қатерлер бірінен кейін бірі пайда бола берді, Банк қызметі белсенді корпоративтік және бөлшек клиенттерінің кетуіне байланысты қысымға ұшырады.

Жыл бойы Банктің өтімділігін қалпына келтіру және бар клиенттерге үздіксіз қызмет көрсетуін қамтамасыз ету үшін барынша күш салынды. 2022 жылғы қыркүйекте акционер ауысып, Банк атауын «Bereke Bank» АҚ деп өзгерту туралы шешім қабылданды. Банктің жаңа брендінің мағынасы терең, ол айналамыздағылардың барлығына молшылық пен береке тілеуді білдіреді.

Бұл сәттен бастап Банк тарихының жаңа, яғни, клиенттер базасын және операциялық қызметті біртіндеп қалпына келтіру кезеңі басталды. Жыл соңында

Банк капитал жеткіліктілігінің коэффициентін пруденциалдық нормативтермен сәйкестікке келтіріп, жалпы негізгі көрсеткіштерін жақсартты. 2023 жылғы 8 наурыз күні АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) Банкті SDN және SSI санкциялар тізімінен шығарды. Бұл еліміздің қаржы нарығы үшін тарихи сәт болды. Акционер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Bereke Bank» АҚ-дан санкциялардың алынуы үшін елеулі күш салды.

Банк барлық қиындықтарды жеңіп қана қоймай, клиенттері мен серіктестері алдындағы барлық міндеттемелерін орындауды жалғастырып, ҚР ең мықты 10 ЕДБ қатарында қалды, бұл қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен қаржы институтының сенімділігінің тағы да бір растамасы болды. Банктің тұрақтылығы мен сенімділігінің растамасы ретінде 2023 жылғы 9 маусым күні бізге Fitch Ratings Халықаралық рейтингтік агенттігі тұрақты болжаммен "BB" деңгейіндегі жоғары кредиттік рейтингін берді.

Бүгінгі таңда Банк клиенттерінің бейілділігін сақтап, нарықтық депозиттік базасын ұлғайтып, инновацияларға дайын кәсіби мамандар тобын сақтап қалды деп нық

сеніммен айта аламыз. Келесі кезекте расымен де цифрлық банкке айналу үшін автоматтандыру және операциялық тиімділік деңгейін көтеру қызметіміздің басым бағыты болады. Біздің клиенттеріміз ең жақсы қызмет көрсету деңгейіне лайықты екеніне сенеміз және бұл алдағы уақыттағы біздің негізгі мақсатымыз болады. Қиын кезеңде Банкке қолдау көрсеткен клиенттерімізге алғысымды білдіргім келеді.

«Bereke Bank» АҚ клиенттерінің, акционерлерінің, қызметкерлерінің және қоғам игілігі үшін жұмыс істейтін сенімді, жылдам дамушы қаржылық институт болып қала беретініне сенімдімін.

Құрметпен, Андрей Тимченко
«Bereke Bank» АҚ
Басқарма Төрағасы



02

«BEREKE BANK»
АҚ-ҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

01.01.2022

11,2% және 13,0% үлеспен нарықта активтер және несиелік портфель бойынша 2 орын, сәйкесінше нарықта 10,1% үлеспен салымдар бойынша ТОП-3 екінші деңгейлі банктер қатарына кіреді

06.04.2022

Санкциялар жарияланып, акционері «Сбербанк России» ЖАҚ «Special Designated Nationals and Blocked Persons List» (OFAC SDN List) тізіміне кіреді

13.04-
01.06.2022

Өтімділікті сақтау үшін 642 млрд. теңге жалпы сомаға кредиттік портфель цессиясы

01.09.2022

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Банк акционері атанды

08.03.2023

OFAC SDN List тізімінен шығып, Банктің операциялық қызметін қалпына келтіру басталады

09.06.2023

Fitch Ratings халықаралық агенттігі «Bereke Bank» АҚ-ға «BB» деңгейінде, «Тұрақты» болжамымен ұзақ мерзімді рейтинг берді.



«BEREKE BANK» АҚ-ФА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің 99.99776% акцияларына ие негізгі акционері «Сбербанк России» ЖАҚ болды.

2022 жылдың сәуір айында «Сбербанк России» ЖАҚ еншілес банкі болғандықтан «Special Designated Nationals and Blocked Persons List» тізіміне енгізілді (OFAC SDN List; Америка құрама штаттары Қаржы Министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы белгілеген Ерекше санаттағы азаматтар мен тыйым салынған тұлғалар тізімі). Бұл ретте, 2022 жылғы 4 қазанда OFAC № RUSSIA-E014024-2022947557-2 лицензиясы шығарылды, оған сәйкес Банкпен мәмілелерді аяқтау мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

OFAC SDN List санкциялық тізіміне енгізілуі Visa және Mastercard карта жүйелерінің өшірілуін, клиенттердің жаппай кетуін; шетелдік валюталардағы корреспонденттік шоттардың жабылуын; клиенттік және банктік төлемдерді және корреспондент банкілердің аударымдарды орындау мерзімінің артуын; клиенттік және банктік төлемдерді және корреспондент банкілердің аударымдарды орындаудан бас тартуды қоса алғанда банк үшін жағымсыз салдарға әкелді.

2022 жылғы 4 наурызда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Банктің шетел валютасындағы ұзақ мерзімді халықаралық рейтингті «BBB-»-тен «B+» дейін төмендетті. 2022 жылғы 29 наурыз күні Fitch Ratings Банк рейтингін қайтарып алды. Сол кезден бері Банк мемлекеттік кредиттеу бағдарламаларына қатыса алмады.

Нәтижесінде Банк үкіметтің мемлекеттік бағдарламалары аясында берілген кредиттер бойынша талап ету құқығын басқа банкілер мен қаржы ұйымдарына беруге мәжбүр болды. Банктің өтімділігі пен төлем жасау қабілеттігін сақтау үшін «Сбербанк России» ЖАҚ рубль валютасында, жалпы сомасы 146 400 миллион рубль болатын қарыз қаражатын берді.

2022 жылғы сәуір-тамызда рубль бағамының нығайғаны үшін және рубльдің ашық жайғасымына байланысты Банк 2022 жыл үшін Банктің таза залалына елеулі әсер еткен валюталық қайта бағалаудан түскен шығынды мойындады. Банкке 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде келген таза залал 124 522 миллион теңгені құрады, бұл ретте валюталық бағалаудан таза шығын 365 999 миллион теңгені құрады.

2022 ж. 1 шілдеден бастап рубльдің теңгеге бағамының нығайғанына байланысты Банк к1, к1-2, және к2 капиталының жеткіліктігі коэффициентін қоса алғанда Банктің меншік капиталына байланысты кейбір пруденциалдық нормативтерді сақтаған жоқ.

КЛИЕНТТІК БАЗА 01.01.2022 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 90 МЫҢ КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕН ЖӘНЕ 1,6 МЛН. БӨЛШЕК КЛИЕНТТЕН ТҰРДЫ.






«BEREKE BANK» АҚ-ҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2022 жылғы 1 қыркүйек күні "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ «Сбербанк России» АҚ ЕБ 99.99776% акцияларын сатып алды. 2022 жылғы 14 қыркүйек күні «Сбербанк России» АҚ ЕБ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуден өтіп, «Bereke Bank» АҚ болып қайта тіркелді.

Банк Пруденциалдық нормативтерді қалпына келтіру және шетел валютасындағы ашық жайғасымын төмендету бойынша іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - "Іс-шаралар жоспары") дайындады, оның Банк Басқармасы бекітіп, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қабылдады. Банк Басқармасы Іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылайды. 2022 жылғы қыркүйекте Банк бұрынғы акционері «Сбербанк России» ЖАҚ-ға қарыз қаражатын мерзімінен бұрын толық өтеді.

«Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Банктің акционері атанған сәттен бастап клиенттердің сенімі артып, олардың қайта келуі орын алды.

Клиенттерден тартылған қаражат, млрд. тг



01.09.2022 ж. БАНК АКТИВТЕР БОЙЫНША НАРЫҚТА 6,3% ҮЛЕСПЕН 6-ОРЫНДА, НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛЬ БОЙЫНША НАРЫҚТА 6% ҮЛЕСПЕН 5-ОРЫНДА ЖӘНЕ ЗТ САЛЫМДАРЫ БОЙЫНША 5,3% ҮЛЕСПЕН 6-ОРЫНДА БОЛДЫ.

КЛИЕНТТІК БАЗА 01.09.2022 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 51 МЫҢ КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕН ЖӘНЕ 1 МЛН. БӨЛШЕК КЛИЕНТТЕН ТҰРДЫ.

2023 ЖЫЛҒЫ 8 НАУРЫЗ КҮНІ БАНК АҚШ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ШЕТЕЛДІК АКТИВТЕРДІ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНАН БАНКТІҢ SDN OFAC LIST САНҚИЯЛАР ТІЗІМІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАТ АЛДЫ.



2022 ЖЫЛҒЫ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ



ҚР МАКРОЭКОНОМИКАСЫ

Геосаяси шиеленістен шикізат тауарларын өндіру және жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты жағымсыз факторларға қарамастан 2022 жылы қазақстан экономикасы нақты 3,3%-ға өсті. Мұнайға қатысты емес экспорт көлемінің артуы, сондай-ақ инвестициялардың артуы (2021 ж. 3,7%), соның ішінде көбінесе шикізат саласына инвестициялардың артуы экономиканың өсуіне елеулі ықпал етті. Қазақстан экономикасының құрылымында қызмет көрсету саласындағы өсім 2,9% (2021 ж.: 4,4%) және тауар өндірісі саласындағы өсім 3,2% (2021 ж.: 3,5%) құрады, мұнда ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім дәнді дақылдардың рекордтық өнімінің арқасында өсім көрсетті (9,1%).

Құрылыс саласы оң қарқын көрсетуде (9,4%), бұл ретте зейнетақы жинақтары ағымының азаюы және жеңілдікті ипотекалық бағдарламаларды бюджеттендірудің шектелуіне байланысты өсім қарқыны ақырындап тежей отырып, ол өз кезегінде жылжымайтын мүлік нарығында сатып алу қабілетінің төмендеуі қаупін күшейтуі мүмкін. Өнеркәсіп саласында шығарылатын өнім көлемі 3,6%-дан 1,1%-ға азайды, бұл кен өндіру саласында КҚК мұнай құбырының жұмысындағы ақауларға және жөндеу жұмыстарына байланысты мұнай, газ, көмір және кен өндірісі көлемінің азаюы себепті орын алды. 2018, 2019, 2020, 2021, 2022 жылдары нақты ІЖӨ қарқыны 4,1%, 4,5% -2,5%, 4,3%, 3,3%, 71,58 64,19 64,19 70,91 99,03 құрады.


Brent мұнайының бағасы (кезең ішіндегі орташа бағасы), баррель үшін АҚШ доллары. Дегенмен, энергия тасымалдағыштарға қойылған жоғары баға және тұрақты сыртқы сұраныс экспорт көлеміне оң әсерін тигізді.

ҚР ІЖӨ қарқыны




Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің экономикасына әсер еткен геосаяси ахуалдың шиеленісуі елдер арасындағы жеткізу логистикасындағы іркіліске әкеліп, бұл тұтынушылық инфляция қарқынының жылдам өсуіне жанама әсерін тигізді. Сыртқы және ішкі макроэкономикалық тұрақсыздық аясында АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамы 462,65 USD/KZT дейін 7,2%-ға, ресей рубліне шаққанда 6,43 RUB/KZT дейін 11,4%-ға әлсіреді. 2022 жылғы наурызда қазақстандық валюта 512 USD/KZT деңгейіне жетіп, жоғары құбылмалылық көрсетті. Ресей рублі 2022 жылдың маусымда нығайды (9,1 RUB/KZT дейін).

ҚР-дағы жылдық инфляция және ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі




Қазақстандағы инфляция деңгейі соңғы жиырма жылда ең жоғарғы мәніне жетіп, 20,3% г/г құрады. Алдыңғы антирекорд 2000 жылдың наурыз айында тіркелді (20,4% г/г). ҚРҰБ жыл ішінде алты рет базалық мөлшерлеме деңгейін көтеру туралы шешім қабылдап, соңғы алты жыл ішіндегі 16,75% ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Ақша-кредит саясатын қатайтуға бағалар мен тұтынушылар қылығына әсер ететін жоғары инфляциялық болжамдар себеп болды. 2022 жылы халықтың шынайы табыс деңгейі жоғары инфляция деңгейі себепті төмендеді, бұл тұтынушылық сұраныстың әлсіреуіне ықпал етті.

Орташа жалақының, МӨҚ және ақшалай кірістің өсу қарқыны



Елді әлеуметтік-экономикалық даму мақсатында төменгі жалақы деңгейі соңғы үш жылда бірінші рет көтерілді.

Теңгенің ресей рублі, АҚШ долларына қатысты бағамы





ҚР БАНКТІК СЕКТОРЫ


Шиеленіскен геосаяси жағдайға байланысты ресейлік үш еншілес банк санкциялар астында қалды, бұл ел ішінде де, одан тыс та көптеген елеулі шектеулерге алып келді: қаржы институттары шетелдік серіктестерімен корреспонденттік қарым-қатынастары үзіліп қалды, негізгі валюталарда операция жүргізу мүмкіндігінен айырылды. ЕДБ активтерінің жалпы көлемінде Ресей қатысы бар банктердің үлесі бір жыл ішінде 14,97%-дан 0,43%-ға азайды.

2022 жылы банк секторының негізгі көрсеткіштері тұрақты түрде артып отырды, оған несиелік портфельдің тұрақты сапасы, жоғары өтімділік, кейіннен капиталдандыру мен табыстылықтың жақсаруы себеп болды. 2022 жылы ЕДБ жиынтық активтері 18%-ға артқанына қарамастан банк секторының экономикаға қатысуы елеусіз болды. Несиелік портфель көлемінің артуының негізгі себебі жеке тұлғаларды кредиттеудің 32%-ға артуы болды, бұл ретте заңды тұлғаларды кредиттеу 12%-ға артты. ЕДБ активтері, трлн. тг 2012 13,9 ЕДБ ҚР ІЖӨ-дегі үлесі, % Банктік сектордың активтері несиелік портфель көлемінің артуы нәтижесінде артты.

Өз кезегінде, кредиттер бөлшек кредиттеудің, атап айтқанда, ипотекалық және тұтынушылық қарыздардың артуы

арқасында нығайды. Секторда алымдардың артуы сыйақы мөлшерлемесінің артуымен қамтамасыз етілді.

ЕДБ активтерінің көлемі және ҚР ЖІӨ-дегі ЕДБ активтерінің үлесі



■ ЕДБ активтері, трлн. тг. ● ҚР ЖІӨ-дегі ЕДБ активтерінің үлесі

* Дереккөз: "ҰСБ СЖРА" және "ҚР ҰБ"



ҚР БАНКТІК СЕКТОРЫ

Жиынтық несиелік портфель (банкаралық қарыздар мен кері РЕПОны қоса алғанда) ақшалай өлшеммен 2022 жылы 4,1 трлн теңгеге (20,2 трлн теңгеден 24,3 трлн теңгеге дейін) ұлғайды. Өткен жылы кредиттеу қарқыны бәсеңдеп, алдыңғы жылғы 28%-бен салыстырғанда 20% құрады. Бұған қарамастан несиелік портфельдің активтердегі үлесі 53,7%-дан 54,4%-ға артты.

Заңды тұлғаларға берілген қарыздар көлемі бір жыл ішінде 11,5%-ға артып (немесе +0,9 трлн.теңге), 8,7 трлн теңгені құрады. ШОБ субъектілеріне берілген кредиттер 15,2%-ға артып, 6,0 трлн. теңгені құрады, бұл ретте ірі бизнеске берілген қарыздар 11,8%-ға артып, 3,6 трлн теңгені құрады.

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер 31,8%-ға артып (+3,4 трлн. теңгені) құрады. Түрлі жеңілдікті мемлекеттік бағдарламаларды ынталандыру және зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалану арқасында 2022 жылы ең үлкен өсім ипотекалық қарыздар байқалды (+42,1%), тұтынушылық қарыздардың өсу қарқыны бәсеңдеді (26,8%, 2021 жылы 57,8%) ҚРҰБ базалық мөлшерлемені көтеруі заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы қарыздарының

12,2%-дан (2021 жылғы желтоқсан) 19,2%-ға (2022 жылғы желтоқсан) дейін және шетел валютасында 4,5%-дан (2021 жылғы желтоқсан) 5,7%-ға (2022 жылғы желтоқсан) дейін қымбаттауына ықпал етті.

ҚРҰБ базалық мөлшерлемені көтеруі және кейіннен ҚДКҚ депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін көтеруі депозиттік базаның артуының негізгі себепшісі болды. Салымдар +21,5%-ға артып (+5,6 трлн. теңге), 31,6 трлн. теңгені құрады. Корпоративтік салымдар 16,7%-ға (немесе +2,1 трлн.теңге), бөлшек сегментте 26%-ға (немесе +3,5 трлн.теңге) артты. Өткен жылы ұлттық валютадағы салымдар қарқыны 22%-ға артып, 21,1 трлн.теңгеге жетті, ал шетел валютасында тек 0,2%-ға артып, 9,8 трлн. теңгені құрады.


Нәтижесінде долларландыру деңгейі жылдың соңында 31,6% деңгейінде тіркелді (2022 ж. басында 36%).

Корпоративтік салымдар бойынша орташа мөлшерлеме 7,4%-дан (2021 жылғы желтоқсан) 14,4%-ға (2022 жылғы желтоқсан), бөлшек сегмент салымдары бойынша сәйкесінше 8% дан 13,3%-ға көтерілді.

ЗТ және ЖТ кредиттері



ЗТ және ЖТ салымдары






04

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ



КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

2022 жылы B-Business қосымшасының web-нұсқасы бар корпоративтік клиенттерге негізгі қызмет көрсету арнасы болды. Санкцияларға байланысты мобильді қосымшаны Android-та 2022 жылғы 18 сәуірден 9 желтоқсанға дейін, IOS-та 2022 жылғы 10 маусымнан 2023 жылғы 15 маусымға дейін жүктеу мүмкін болмады. Бұл кезде Банк клиенттері үшін B-Business қосымшасындағы және оның web-нұсқасындағы сервистерді жақсартуды жалғастырды.





КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Банктің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына қатысуы

Жыл бойы Банк операторлары түрлі қаржы институттары ("Даму" ҚДҚ, ҚР АШМ, "ҚТҚ" АҚ және т.б.) болған кредиттер мен шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау бағдарламаларының белсенді қатысушысы болып қала берді.

Алайда санкциялар кезінде рейтингтердің қайтарылып алуына байланысты Банк мемлекеттік және квазимемлекеттік компаниялардың барлық қаражатын, сондай-ақ халықты және бизнесті жеңілдікті кредиттеу бағдарламаларын және "Даму" ҚДҚ" АҚ, "БЖЗҚ", "Қазақстан Даму банкі" және басқа қаржы институттарынмен бірлескен бағдарламаларды қосы алғанда мемлекеттік бағдарламалар бойынша алынған қорды мерзімінен бұрын қайтарды.

Банктің мемлекеттік қаржыландыру бағдарламалары аясында шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттерінің жалпы көлемі , млрд. теңге





БӨЛШЕК БИЗНЕС

2022 жылы Банк цифрландыруды күшейту бағытын жалғастырды. Банк клиенттері мобильді қосымшада және В-Bank web-нұсқасында тауарлар мен қызмет ақысын төлеу бойынша ішкі сервистерді пайдалануды жалғастырды, қосымшаны жүктеу Google Play Market және Huawei App Gallery-де 2022 жылғы 27 қазаннан бастап және IOS үшін 2022 жылғы 20 маусымнан бастап қайта қолжетімді болды. Санкцияларға байланысты В-Bank қосымшалары GooglePlay платформасынан 18 сәуір, AppStore платформасынан 2022 жылғы 10 маусым күні өшірілді.

2022 жыл ішінде Банк қаржылық құралдардың клиенттерге тіпті санкциялық шектеулер кезінде де қолжетімді болуын қамтамасыз ететін сервистер мен өнімдерді іске қосуға басты назар аударды.

Екінші кезекте транзакциялық өнімдер мен сервистердің технологиялық платформасын оңтайландыруға назар аударылды, бұл алдағы уақытта кеңею мен даму негізі болып табылады.

2022 ж. ЖАҢА СЕРВИСТЕР:

- Клиенттердің 15% пайдаланатын қосымшаның web-нұсқасы әзірленді және пайдалануға берілді;
- Банк атауының өзгеруі және ребрендинг аясында сайттың, мобильді қосымшаның және интернет банктің дизайны өзгертілді;
- ҚР банктері - СМП 2.0 қатысушылары арасында телефон нөмірі бойынша шығыс/кіріс аударымдар сервисі іске қосылды;
- В-Bank-те клиенттің цифрлық құжаттарын алу сервисі іске асырылды;
- Валюта айырбастау функцияларында CNY онлайн сатып алу және сату процесі іске қосылды;


- Білім беру, ТКҚ, МҚҰ және т.б. бойынша мобильді қосымшада төлем жасау үшін 500 жаңа провайдер енгізілді;
- Цифрлық карталарды бір сәтте шығару сервисі іске қосылды;
- ticketon.kz-пен бірге В-Bank мобильді қосымшасында Кино және Афиша сервистері іске қосылды: киноға және мәдени іс-шараларға билет сатып алу;
- Пайдаланушы құрылғысын ауыстырған кезде бейнесәйкестендіру
- Мемл. сервистер енгізілді: әлеум. төлемдер алу, жылжымайтын мүлікті тіркеу ақысын төлеу, сот берешегін төлеу

2022 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

ЖАҢА БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕР САНЫ +160 МЫҢ, КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР ӨСІМІ +7% ҚҰРАДЫ, ҒХ ОПЕРАЦИЯЛАРДАН КІРІСТЕР

+223% АРТТЫ. ОНЛАЙН ӨНІМДЕРДІ САТУ ҮЛЕСІ +24П.П АРТТЫ.

2021 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАДА ТӨЛЕМДЕР САНЫ +20%-ҒА АРТТЫ





IT-ТРАНСФОРМАЦИЯ

Ішкі АТ үдерістерді оңтайландыру және клиенттер үшін сервистердің қолжетімділігін арттыру негізгі даму бағыты болды.

Апатқа төзімді ДӨӨ енгізу жобасы аяқталды, апатқа төзімді инфрақұрылымды кешенді сынақтан өткізу жүзеге асырылды. Келесі қадам апаттан қалпына келтіру жоспарын (DRP) басқару үдерісін дамыту және енгізу болды.

АКЦИОНЕРДІ АУЫСТЫРУ ҮДЕРІСІ АЯСЫНДА:

БАНКТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ РЕБРЕНДИНГІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ,

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ БҰРЫНҒЫ АКЦИОНЕРДЕН ТӘУЕЛДІЛІГІ ЖОЙЫЛДЫ, НЕГІЗІГ ҚҰЗІРЕТТЕР БАНККЕ БЕРІЛДІ.





ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ



БАНКТИҢ 2022-2025 Ж. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

БАНК МИССИЯСЫ:

Біз клиент айналасындағы цифрлық әлемге кіріктірілген жылдам қаржылық шешімдерді ұсынамыз.

БАНК ПАЙЫМЫ

Тиімділік көрсеткіші жоғары және клиенттердің қажеттіліктерін алдын ала білетін, қызметтер нарығында көшбасшы орынға ие, кәсіпкерлер мен халыққа қызмет көрсету үшін ең үздік клиенттік тәжірибесі бар банк.

БАНК МАҚСАТТАРЫ:

1 Үздік клиенттік тәжірибе

2 Нарықта ең жылдам дамып келе жатқан бизнес

3 Нарықтағы ең тиімді бизнес





ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк бүкіл әлемдік экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында банк қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға маңызды мән береді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ:

- банк тәуекелдерін анықтау, жіктеу;
- тәуекелдерді бағалау және басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану;
- жол берілетін тәуекелдер деңгейіне шек қою;
- банк жүргізетін операциялармен байланысты тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша шараларға мониторинг жүргізу және бақылау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген тәуекелдерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады.

Тоқсан сайын Директорлар кеңесі Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтитын тәуекелдер туралы толық есеп алады. Банк кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелдерін және операциялық тәуекелді елеулі тәуекел түрі ретінде атап өтуде.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Операциялық тәуекелдерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты тәуекелдердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Операциялық тәуекелді басқару жүйесіне Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық тәуекелді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

БАНК КЕЛЕСІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНАДЫ:

- операциялық тәуекел оқиғалары туралы ішкі және сыртқы деректерді жинау;
- операциялық тәуекелдер бойынша өзін-өзі бағалау;
- негізгі тәуекел индикаторлары мен бақылау индикаторларына мониторинг жүргізу;
- тәуекелдерді сценарийлік талдау және картографиялау.

Банк операциялық тәуекелге үнемі мониторинг өткізу мақсатында тәуекелдерді басқару үдерістеріне қатысатын Банк басшылығы мен алқалы органдары үшін есеп беру жүйесін пайданалады. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таза операциялық тәуекел деңгейі (Банк шығыстарындағы іске асқан операциялық тәуекел шығындарын жабуға кеткен шығыс үлесі) 0,0042% құрады. Кредиттеудегі операциялық тәуекел деңгейіне мониторинг жүргізіледі.



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

Кредиттік тәуекелді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, Банктің тәуекелдерді басқару саясатымен, сонымен қатар ішкі нормативтік құжаттармен анықталады.

Кредиттік тәуекелді басқару мақсатында, Банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:

- қарыз алушыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- шектеулерді белгілеу, контрагенттердің сенімділігін және кредиттік тарихының сапасын тексеру;
- шешім қабылдау процедураларындағы скорингтік үлгілерді қолдану;
- бақылаушы тәуекел метрикаларын бекіту және мониторингілеу, кредиттік портфель тәуекелін азайту үшін іс-шараларды дайындау;
- пруденциалдық нормативтердің сақталуына мониторинг жүргізу;
- қарыз алушының, кепіл мүлкінің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу.

Кредиттік портфельдің валюталар бойынша құрылымы

Валюталар тұрғысындағы кредиттік портфельдің құрылымы 2022 жылы едәуір өзгерді. Валюталар бойынша әртараптандыру деңгейі қолайлы деп бағаланды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдегі ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген қарыздарға (97,50%) тиесілі. АҚШ долларымен берілген қарыздар үлесі 6,79%-дан 2,18%-ға дейін азайды. Рубльмен берілген қарыздар үлесі 0,72%-дан 0,26%-ға дейін азайды.

Экономика салалары бойынша кредиттік портфель құрылымы

Банкте экономика салалары тұрғысында кредиттік портфель бойынша тәуекелдерді шоғырландыру үшін қолайлы деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимит жүйесі қолданылады. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша несиелік портфельдің негізгі үлесі жеке тұлғалардың қарызына (үлесі: 54,4%), сауда секторының субъектілеріне (үлесі: 11,3%) және өңдеуші өнеркәсіп субъектілеріне келеді (үлесі: 9,9%).

Валюта атауы	2022 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша	портфель сомасының %	2023 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша	портфель сомасының %	Жыл ішіндегі өзгерістер
Теңге	2 125 782	92,21%	1 312 068	97,50%	- 38,28%
АҚШ доллары	156 530	6,79%	29 272	2,18%	- 81,30%
Ресей рублі	16 526	0,72%	3 537	0,26%	- 78,60%
Еуро	6 521	0,28%	774	0,06%	- 88,13%
БАРЛЫҚ кредиттер	2 305 359		1 345 652		- 41,63%

Қарыз алушылар бойынша Банктің кредиттік портфелінің құрылымы





НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Нарықтық тәуекел – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруінен білінген нарықтық жағдайдың өзгеруіне байланысты баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі. Нарықтық тәуекел аясында Банк валюталық, пайыздық және баға тәуекелдерін бөліп қарастырады.

Пайыздық тәуекел – активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі. Пайыздық тәуекелді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық конъюнктурасындағы өзгерістер динамикасын талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингіннің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді балансқа келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гәпке лимиттер белгілеу.

Валюталық тәуекел – банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны. Банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. белгілейді. Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық тәуекел деңгейі төмен деп бағаланады.

Баға тәуекелі – қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның пайда болу мүмкіндігі. Сатуға жарамды бағалы қағаздар портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ халықаралық рейтингтік агенттіктердің жоғары рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады Банк VaR, DV01 сияқты тәуекел-метрикаларға бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б. Нарықтық тәуекелді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.





ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Банктің үздіксіз қызметі қағидасының орындалуы, яғни Банктің өз қызметін үздіксіз жүргізу және ұлғайту үшін қаражат тарту қажеттілігіне қарай қабілеттілігін қамтамасыз ету өтімділікті басқарудың негізгі міндеті болып табылады.

Банктің қажетті қорды тартуы үшін қолданатын стратегиясы оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, яғни аталған стратегияға тиесілі тәуекелдер өтімділікті басқаруға ықпал етеді.

Банк өтімділік тәуекелін басқару барысында келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- өтімділікті басқару күнделікті және үздіксіз жүзеге асырылады;
- активтер мен міндеттемелерді тиімді басқару;
- Банк органдары, лауазымды тұлғалары мен бөлімшелері арасында өтімділікті басқару бойынша өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің нақты ажырату;
- өтімділіктің барабар деңгейін қамтамасыз ететін және бизнестің түп негізінге және Банктің қаржылық жағдайына сәйкес келетін лимиттерді белгілеу;
- өтімділік пен кірістілік арасында қайшылық болған жағдайда өтімділік пайдасына шешім қабылдау;
- өтімді қаражат қажеттілігін жоспалау;
- өтімділікті қамтамасыз ету үшін бұрын қабылданған шешімдерге тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

2022 жылы Банк OFAC санкциялық тізіміне енгізілді, нәтижесінде Банктің көптеген салымшылары салымдарын және ағымдағы шоттардағы қаражаттың қайтарып алды. Банк салымшылар алдындағы міндеттемелерді орындауға арналған жоғары сапалы өтімді активтер көлемінің азайғанын тіркеді, нәтижесінде бұл өтімділік көрсеткіштерінің уақытша төмендеуіне ықпал етті.

Өтімділік коэффициенттері	Норматив	31.12.21	31.01.22	28.02.22	31.03.22	30.04.22	31.05.22	30.06.22	31.07.22	31.08.22	30.09.22	31.10.22	30.11.22	31.12.22
к4	min 0,3	0,89	1,11	1,03	0,70	1,71	2,77	3,10	3,51	4,56	1,65	1,98	2,11	1,63
к4-1	min 1,0	2,18	2,78	3,03	2,01	5,27	25,18	17,51	21,67	34,48	4,97	9,35	15,08	3,03
к4-2	min 0,9	3,21	3,23	3,98	3,03	6,40	16,69	14,18	20,61	24,58	9,34	15,38	3,14	3,18
к4-3	min 0,8	2,36	2,66	2,90	2,70	5,10	9,56	8,39	10,40	15,05	2,41	1,65	1,77	1,88
LCR	min 0,8	1,45	1,45	1,61	2,76	7,00	7,45	21,61	9,44	9,00	0,64	0,75	0,64	1,52
NSFR	min 0,8	1,25	1,07	1,16	1,13	1,22	1,18	1,08	1,19	1,63	1,14	1,25	1,27	1,32



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ



BAITEREK

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ –корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасын әртараптандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін ұлғайту жолымен орнықты дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі институты.

«Бәйтерек» холдингі-құрамына сегіз еншілес ұйым кіретін интеграцияланған даму институты: холдингінің қатысуымен акционерлік қоғамдар болып саналатын «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Отбасы Банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Даму» АҚ, «Kazakh Export» ЭСК» АҚ, «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Bereke Bank» АҚ.

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» МИССИЯСЫ: МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ «2050 СТРАТЕГИЯСЫНДА» ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУ ҮШІН ҚР ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЫҚПАЛДАСУ

ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:

Ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау;

ШОБ сегментінде кәсіпкерлікті қолдау;

Трансферт және инновацияларды енгізу.

Баспананың қолжетімділігін арттыру;

Экспорттық әлеуетті арттыру;



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНДЕ БЕКІТІЛГЕН ТОҒЫЗ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН:

- Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Банктің Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігі;
- Банк Басқармасының мүшелерінің есеп беруі;
- Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің теңгерімділігі және тиімділігі, ішкі және сыртқы аудит;
- Теңдестірілген ақпараттық ашықтық;
- Тұрақты даму және ESG саласындағы стандарттар мен қағидаларды сақтау;
- Жоғары корпоративтік мәдениет пен іскерлік этика стандарттары;
- Корпоративтік дауларды реттеу.

«БЕРЕКЕ BANK» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Бұл есеп 04.10.2022 ж. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес ұсынылды. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған корпоративтік басқаруға қойылатын талаптарға, Банк Жарғысына, ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша уәкілетті органының ұсыныстарына, Үлгі кодекске сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесінің халықаралық стандарттарының есебімен әзірленді. Атап айтқанда, Банк Банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің банктерге арналған Корпоративтік басқару қағидаларына, корпоративтік басқару бойынша ЭЫДҰ қағидаларына негізделеді.

Бақылаушы акционері ауысқаннан кейін Акционерлердің 27.12.2022 жылғы кезектен тыс Жалпы жиналысында жаңа Корпоративтік басқару кодексі бекітілді, ол мемлекет бақылауындағы акционерлік қоғамдардың Үлгілік корпоративтік басқару кодексімен сәйкестікке келтірілді.

Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті корпоративтік басқару саясаты мен тәжірибесін қадағалауды жүзеге асырады.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті Директорлар кеңесі 2023 жылғы 5 маусымда 4 нөмірмен бекітті.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

БАНК АКЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:

«Bereke Bank» АҚ орналастырылған акцияларының саны: 12 839 114 жай акция.

«Бәйтерек» ҰБХ» Акционерлік қоғамына 12 839 074 жай акция тиесілі, ол акциялардың 99,99% құрайды.

01.09.2022 ж. "Ресей Сбербанк" ЖАҚ-ға тиесілі 12 838 826 жай акция «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ меншігіне берілді.

МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ


Банк акционерлерге тиесілі акциялардың көлеміне қарамастан олардың барлығының шарттарының бірдей болуына, Банк органдарының тарапынан әр акционерге әділ қарым-қатынастың болуына және ол үшін жағдайды соның ішінде ірі акционерлердің миноритарлық акционерлерге қатысты нашар қарым-қатынасқа жол берілмеуін қамтамасыз ететін жағдайды жақсартуға кепіл болады.

АҚПАРАТТЫ АШУ

1. Банк ҚР заңнамасында және уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды орындау арқылы Банк қызметіне қатысты ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді. Банктің ақпараттық саясаты жүйелі және шұғыл негізде сол туралы ақпаратты еркін және ешбір ауыртпалықсыз пайдалану мүмкіндігіне бағытталған.
2. Банктің ақпаратты ашуы ұдайылылық, кезектілік, жеделдік, қолжетімділік, құқықтардың теңдігі, ашылатын деректердің дұрыстығы, толықтығы және салыстырмалылығы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Банк өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары және болашағы туралы ақпаратты уақытында ашып көрсетеді, бұл акционерлер мен инвесторлардың мүліктік және басқа құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін, сонымен қатар Банк Жарғысында білгіленген тәртіпте, акционерлердің сұратуларына уақытында және толық көлемде жауап береді.
4. Банк Банктің жұмысындағы елеулі корпоративтік оқиғалар туралы жүйелі түрде ақпарат беріп тұрады және сонымен қатар Директорлар кеңесінде анықталған ішкі (жария емес) ақпаратты ашу мен оның құпиялы болуының қатаң және сенімді механизмін қолданады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



*Корпоративтік басқару құрылымы, сондай-ақ Банк органдарының құзіреті Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және басқа ішкі нормативтік құжаттарда анықталған. 2022 жылғы қыркүйекте бақылаушы акционер ауысқаннан кейін көрсетілген құжаттар жаңа редакцияда бекітілді. Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құзіреті корпоративтік басқарудың классикалық жүйесіне, корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына, соның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стандарттарына сай келеді.



АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер 2022 жылы алты бетпе-бет отырыс өткізілді. Акционерлердің жалпы жиналысында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

1. 2021 жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы;
2. 2021 жыл бойынша таза кірісті үлестіру тәртібін және бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
3. Акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;
4. Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы;
5. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімдерін белгілеу туралы;
6. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;
7. Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін шығындарын өтеу мөлшері мен талаптарын анықтау туралы
8. Жасауға мүдделі ірі мәмілені жасауы туралы;
9. Атауын өзгерту туралы;
10. Жарғыны жаңа редакцияда бекіту туралы;
11. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
12. Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту туралы;
13. Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы;
14. Орналастырылған акцияларды сатып алу ережелерін және акциялардың құнын оларды ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде анықтау әдістемесін жаңа редакцияда бекіту туралы;
15. Жария акциялардың санын арттыру туралы;
16. 2022 жыл бойынша аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ДК құрамына үміткерлерді ұсыну және іріктеу тәртібі: Банктің Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесіне акционер өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардан, Директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалардан қалыптастырылады. Банктің Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын тұлғалар ҚР заңнамасында, Банк Жарғысында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамы жалпы алғанда Банктің деңгейіне және қызметінің сипатына, қабылдайтын тәуелдердер бейініне сай келетін Банкті тиімді басқару және қызметін бақылау үшін жеткілікті дағдылары, жұмыс тәжірибесі және білімі, сондай-ақ тәуелсіз директорларға қатынасы бойынша теңдестірілуі тиіс. Банктің кез келген акционері ҚР заңнамасы мен Банк Жарғысында белгіленген нормалар сақталған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлануға үміткерді ұсынуға құқылы.

Банктің қызметінде мүдделер қайшылығын барынша азайту мақсатында Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару процедураларын және оларды іске асыру механизмдерін әзірлейді, сондай-ақ орындалуын қадағалайды. Директорлар кеңесі

мүдделер қайшылғын басқару саясатын бекітеді, мүдделер қайшылығын басқару процессін жалпы қадағалайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің Директорлар кеңесіне мүдделер қақтығысын туындатқан немесе оның туындауына ықтимал себеп болып табылатын кез келген мәселе бойынша ақпаратты шұғыл ұсынуға міндетті. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Директорлар кеңесіне Банкте туындаған маңызды қаржылық және қаржылық емес мәселелер туралы хабарлау Банктің бөлімшелері Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынатын мерзімді есетілігі арқылы жүзеге асырылады. Есетілік тізімі мен ұсыну мерзімдерін

Банктің Директорлар кеңесі бекіткен. Директорлар кеңесі тәуекелдер бойынша Банк позицияларын ұдайы талдау арқылы тәуекелдерді экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелермен және корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2022 жылы Директорлар кеңесі 69 сырттай және 10 бетпе-бет отырысты өткізді, 344 мәселе қарастырылды.

Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

1. 2021 жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы;
2. 2021 жылғы және 01.04.2022 жылғы жағдай бойынша қызмет қорытындысы туралы (кредиттік портфельдің проблемалық аймақтары және проблемалық берешекті қайтару бойынша ақпаратты қоса алғанда) және 01.07.2022 ж. дейінгі болжам;
3. Кредиттік портфельдің сапасын талдау бойынша тоқсандық есептер;
4. Бақылау көрсеткіштері мен 2022 жылғы Бизнес-жоспар мониторингінің көрсеткіштерін бекіту туралы;
5. 2022-2025 жылдарға Даму стратегиясын бекіту туралы
6. Капитал мен ашық валюталық позиция лимиттерін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы;
7. Пруденциалдық нормативтерді қалпына келтіру және ашық валюталық позицияны қысқарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;

8. Екінші деңгейлі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаралатын есептілік пен ақпарат.

2022 жылда ДК жалпы сыйақысы 160 млн. теңгені құрады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



**ШАРЛАПАЕВ
ҚАНАТ
БИСИМБАЙҰЛЫ**

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (16.09.2022 ж. бастап).

1981 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Саратов әлеуметтік-экономикалық университеті, Мамандығы: "Бухгалтерлік есеп және аудит" (РФ); Cranfield School of Management, магистр, «Қаржы және басқару» мамандығы (Ұлыбритания).

Қызмет жолы туралы мәлімет:

2022 жылдан бастап - «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі.

2020-2022 ж. - «Сити» инвестициялық банкінің (БАӘ) Африка, Таяу шығыс және Шығыс Еуропаның дамушы нарықтарындағы стратегия, жоспарлау және талдау бойынша аймақтық директоры.

2017-2020 ж. «Сити» инвестициялық банкінің Ресей, Украина және Қазақстан бойынша бас қаржы директоры

«Сити» инвестициялық банкінің қаржы, басқару және талдау секторларында әр түрлі лауазымдарда 16 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа атқарған лауазымдары:

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ,
«Отбасы Банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ,
«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ,
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



**ТИМЧЕНКО АНДРЕЙ
ИГОРЕВИЧ**

Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (24.11.2022 ж. бастап).

1976 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ Мемлекеттік Заң университеті, Мамандығы: «Құқықтану» (ҚР).

Қызмет жолы туралы мәлімет:

2022 жылдан бастап - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасы;
2018-2022 ж. - «Альфа-Банк» АҚ ЕБ («Eco Center Bank» АҚ) Бас басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары. Банктік сектордағы түрлі лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі - 25 жыл, Басқармадағы тәжірибесі - 20 жыл.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



**ЕЛЕМЕСОВ
АСҚАР РАУШАНҰЛЫ**

«Bereke Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор
(26.05.2020 ж. бастап).

1968 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

М.В. Ломоносов атындағы М.В. Мәскеу Мемлекеттік университеті, "Саяси экономика оқытушысы" мамандығы (РФ);
Washington University in St.Louis, магистратура, мамандығы: «Іскерлік басқару» (АҚШ).

Қызмет жолы туралы мәлімет:

2019 жылдан бастап -«АКРА» АҚ (Аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі) филиалының басшысы;
2016-2020 ж. -«SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор - Директорлар кеңесінің мүшесі;
Қаржы секторындағы түрлі лауазымдарда 30 жылдан артық тәжірибесі бар.

Басқа атқарған лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы,
"Қазақстан қор биржасы" АҚ
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ,
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ,
«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ,
«SkyBridge Invest» Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



**МАДИЕВ МАҒЖАН
ДІНМҰХАММЕДҰЛЫ**

«Bereke Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі
(24.11.2022 ж. бастап).

1989 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Фудань Университеті, мамандығы: «Қытайтанушы» (ҚХР).
Қызмет жолы туралы мәлімет:
2020 ж. бастап "Astana Hub" IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі" ҚҚ Бас директоры;
2020-2020 ж. - "Атамекен" ҚР ҰКП Басқарма Төрағасының Кеңесшісі;
2019-2020 ж. - «Кәсіпкерлікті дамытуды зерттеу орталығы» ЖШС директоры.
Ақпараттық технологиялар саласындағы түрлі лауазымдарда 10 жылдан артық тәжірибесі бар.

Басқа атқарған лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы,
«Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы» АҚ,
«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ,
«Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



ХАМИТОВ ЕРСАЙЫН ЕРБОЛАТУЛЫ

«Bereke Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционерінің өкілі
(12.09.2023 ж. бастап).

1983 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, мамандығы: «Қаржы және кредит» (ҚР). Мәскеу мемлекеттік университеті МВА бағдарламасы бойынша (РФ).

Қызмет жолы туралы мәлімет:

2022 жылдан бастап - «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Басқарма Төрағасының орынбасары;

2009 - 2022 ж. - «Самұрық-Энерго» АҚ Инвестицияларды басқару департаментінің бас менеджері,

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ

Корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері,

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Корпоративтік қаржы департаментінің директоры,

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры. Банк және корпоративтік басқару саласында 14 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа атқарған лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің және «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі, «Отбасы Банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ҚҰСАЙЫНОВ ҒАЛЫМ ӘБІЛЖАНҰЛЫ

«Bereke Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор
(24.11.2022 ж. бастап).

1982 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті, Мамандығы: «Салық және салық салу» (РФ); SBS Swiss Business School, «Іскерлік басқару магистрі» мамандығы (Швейцария); АССА, «Халықаралық қаржылық есептілік» (АССА мүшесі) (Ұлыбритания).

Қызмет жолы туралы мәлімет:

2017-2022 ж. - «Банк Центр Кредит» АҚ Басқарма Төрағасы.

Қаржы саласындағы түрлі лауазымдарда 12 жылдан артық тәжірибесі бар.

Басқа атқарған лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының акциялары (қатысу үлесі) жоқ үлестес компанияларының, сондай-ақ «Bereke Bank» акционерлік қоғамы жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті.

